**Аңдатпа.** Тындалым әрекеті қазақ тілін оқытудың заманауи әдістемесіндегі ең өзекті тақырыптардың бірі, өйткені тыңдаусыз сөйлеу коммуникациясы жүзеге аспайды. Қазіргі таңда қазақ тілі сабақтарында тындалым әрекеті қаншалықты меңгеріліп жатыр деген сұрақ туындайды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, білім стандартында сөйлесім әрекеттеріне орын берілсе де, тындалым әрекеті назардан тыс қалып, толық жүзеге аспайды. Мақалада тындалым әрекетін оқытудың тиімділігі туралы жасалған зерттеу жұмыстары талданады. Оның ішінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты тындалым әрекетінің маңызы сипатталады. Тындалым әрекетінің тындалым алды, тындалым барысындағы, тындалымнан кейінгі деген кезеңдерін қамтып, соған сәйкес тапсырмалардың үлгілері ұсынылады. Сонымен қатар зерттеу жұмысы барысында мектеп оқушыларына жасалған эксперимент нәтижесіне талдау жасалып, тиімділігі дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** тындалым, әрекет, қазақ тілі, тыңдау, есту, оқыту, деңгей, оқушы.

### Кіріспе

Кез келген тілді оқыту заман талабына сай жетіліп отырады, оның ішінде қазақ тілін шет тілі ретінде, екінші тіл ретінде, ана тілі ретінде оқыту дамып келеді. Мәселен, қазақ тілін ана тілі деңгейінде оқытуға байланысты жаңартылған білім беру мазмұны енгізілді. Әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе – сөйлесім әрекеті. Соған сәйкес, бұрын дәстүрлі оқытуда тек грамматикаға ғана көңіл бөлінсе, қазір жаңартылған білім беру мазмұнында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында сөйлесім әрекеттері жиі қолданылады. Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттерде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар:

Сөйлеу

Оқу

Жазу

Түсіну

Ал, қазақ лингвист-ғалымы Ф. Оразбаева жан-жақты тәжірибеге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөліп қарастырады. Олар: оқылым, жазылым, тындалым, айтылым, тілдесім. Бұлардың барлығы – әдістемелік ізденіс жолындағы жаңаша терминдер. Жоғарыда атап атап өткеніміздей, сөйлесім әрекетінің төрт түрі, олардың атауы көбінесе орыс тіліндегі терминдермен аталып жүрген. Ғалымдар оны: «Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу де жүзеге аспайды. Біздің ойымызша, сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді. Сондықтан «аудирование» дегенді біз түсіну емес, «тындалым» деп атаймыз да, түсіну процесін осы әрекеттердің бәріне ортақ ұстаным ретінде танымыз» деп түсіндірген болатын [1, 53].

Осы сөйлесім әрекетінің ішінде біздің зерттеу нысанымыз – тындалым әрекеті.

Тындалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді.

## Әдістер және материалдар

Тыңдалым бөлігі сөйлеу әрекетінің түрі ретінде XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап зерттеле бастаған. «Тыңдалым» терминін алғаш рет шетелдіктерді оқыту әдістемесінде бірінші болып «тыңдау» терминін 1930 жылы американдық психолог Дон Браун Teaching Aural жұмысында енгізген. Алғашқы кезде «ауызша айтылған сөзді түсіну» деген термин ретінде қолданылған.

Ғалым З.А. Кочкина тыңдауды «естілетін сөйлеуді қабылдау және түсіну процесі» деп анықтады. «Тыңдау» терминінің кеңейтілген анықтамасы Г.В.Рогова мен И. Н. Верещагинаның еңбектерінде – есту арқылы қабылданатын түсінік ретінде ұсынылды [2, 12].

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тыңдалым термині ғалым Ф. Оразбаеваның зерттеулері негізінде қалыптасты.

Тыңдалым – оқу үдерісінде кең орын алатын, тіл үйренушілер арасында қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік тұлғаларды тыңдау, есту арқылы қабылдау, ұғу. Тыңдалымды жете меңгеру оған қатысты мынадай белгілерді үйретумен байланысты:


1. Басқа дыбыстардан тілдік дыбыс толқынын, олардың ерекшеліктерін ажырата білу;
2. Аудиолық тілдік тұлғалардың мағынасы мен мәнін дұрыс қабылдай білу;
3. Мәтіннен қажетті деректі тауып, пайдалана білу;
4. Тыңдалымға қатысты негізгі көрсеткіштерді жан-жақты меңгеру [1, 283].

Тыңдаумен қатар жүретін синонимдес сөз – есту. Дегенмен де, екі сөзді синонимдік қатарға жатқызсақ та, тыңдалым әрекетіне қатысты жазылған түрік еңбегінде есту мен тыңдауды екі бөлек мағыналы сөз ретінде қарастырады. «Есту мен тыңдау бір-бірінен өте ерекшеленеді. Есту біздің еркімізден тыс пайда болса, тыңдау белгілі бір мақсат үшін жасалады» [3, 58]. Иә, шынымен де, есту ол – физиологиялық, ал тыңдау – психологиялық құбылыс. Осыған сәйкес, адамның еркінен тыс жүретін, құлақ қалқанына соғылған дыбыс толқындарын естуге жатқызсақ, құлаққа келетін дыбыстарды саналы түрде, зейін қойып қабылдауды – тыңдау дейді екенбіз.

Ағылшын ғалымы Jean E. Brown «Біз тыңдалым әрекетінің тыныш отырудан да артық екенін білдік, сонымен қатар тыңдаудың пассивті әрекет емес екенін анықтадық» [4, 2] деген пікіріне қосыла отырып, тыңдалымның активті әрекет екенін, яғни адам тыңдау барысында адресанттың ақпаратын жай ғана естіп қоймай, оны эмпатиямен қабылдай отыра, оған тиісті кері байланыс немесе реакция беруі керек деп айтқымыз келеді. Өмірде осы ережелерді сақтайтын жақсы тыңдаушы қалыптастыру үшін балаға мектеп жасынан қажетті ақпараттар, білім, тәрбие берілуі керек. Себебі «оқушылар мектептегі уақытының 40-70% тыңдауға арнайды, сондықтан оларды тиімдірек тыңдау дағдылары мен стратегияларымен қамтамасыз ету керек» [4, 2]. Олай болмаған жағдайда баланың болашақта адамды тыңдап отырғандай кейіп таныту, сөз төркінін түсінбей тыңдау, зейін қоймау деген сияқты жаман әдеттерді бойына сіңіріп, пассивті тыңдаушы болып қалыптасу қаупі бар. Ендеше, «мектептерімізде жоғарыда атап өткен тыңдалым әрекеті ережелері сақтала ма екен?», «тыңдалым тапсырмалары дұрыс құрылып, мақсатына жете ме екен» деген бәріміздің ойымызға келетін орынды сұрақтарға жауап беру үшін мектепте жүргізген эксперимент нәтижелерімен бөлісейік.

## Нәтижелер және оларды талдау

Тыңдау әрекеті бүгінгі таңда білім беру мен оқыту жұмыстарында маңызды орынға ие болғанымен, мектептеріміздегі оқушылардың тыңдау әрекетін тиісті деңгейде игермегендіктері, тыңдалым жұмыстарын толық орындамайтындықтары шындық. Бұл пікірге дәлел ретінде Алматы қаласы білім басқармасының Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123 мектеп- гимназиясының 9 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижелері төменде көрсетілген.



Сауалнама нәтижесі бойынша «Қазақ тілі сабағында сізді қай сөйлеу әрекеті қызықтырады?» деген сұраққа 20 оқушының 9-ы «жазылым» десе, 7-і «айтылым», қалған 2-і «оқылым» мен тағы 2-і «тыңдалым» әрекетін таңдады. Тыңдалым әрекеті тапсырмалары толық орындалмайтын жерде оқушыларды тыңдалым әрекеті қайдан қызықтырсын?! Сондықтан олардың тыңдалымды таңдамау жөні де бар. Басқа дағдыны таңдау себептерін былай көрсеткен: «жазғанда есімде қалады», «апай-ағайлармен сөйлескен ұнайды», «өзім үшін жазылым ыңғайлы», «ойымды жазғанда толық жеткізе аламын», «жазғанда есімде сақталып қалады», «оқығанда ақпаратты жеңіл қабылдаймын».

«Тыңдалым тапсырмалары толық орындала ма?» деген сұраққа оқушылардың 60%-ы «толық орындалмайды» деп жауап берді. Орындалса да, сабақта тыңдалым үлесі орташа есеппен 23%. Бұл сабақта тыңдалым әрекетінің тіпті жартылай толық орындалмайтынын көрсетіп тұр. Бұған не себеп?

Біріншіден, оқушылардың тыңдаудан тез жалығатындықтары белгілі. Бұл жағдай олардың тыңдап жатқан ақпараттары арасындағы байланыстардың үзілуіне жиі себеп болады. «Сабақ барысында, әсіресе тыңдау кезінде әртүрлі себептермен зейін бөлінеді. Сонда «Жарайды, мен бұл тақырыпты үйде егжей-тегжейлі оқып, түсініп аламын» деген сияқты балама шешімдер, сылтаулар басталады. Бұл жағдай бірте-бірте қайталанып, ауруға, әдетке айналады. Осылайша, тақырыптар “кейін”, “сосын” факторларына сеніп, сабақ жарым-жартылай түсініле бастайды. Үйде болса не оқуға мүмкіндік тұмайды, не тақырып түсініксіз болады. Бұл жағдай «тақырыпты сабақта түсіну» қабілетін жоғалтып қана қоймай, сонымен қатар адам бұның бір ауру екенін де байқамай қалады» [3, 93]. Егер оқушыларға тыңдау туралы жеткілікті ақпарат берілмесе және оқытылмаса, олар бұл әдеттерден айрылмайды. Одан бөлек, оқушылар мұның зардабын бүкіл білім әлемінде бастан кешіретін болады. Оқушылардың жұмысты кейінге қалдырып аяқтау әрекеттері әрқашан жақсы нәтиже бермеуі мүмкін. Ол үшін сабақты сабақта меңгеру, яғни тыңдау қабілетін дамыту қажет. Оқушыларға білім алудың маңызды бір жолы тыңдалым дағдысы екенін түсіндірумен қатар, осыған байланысты практикалық жұмыстарға баса назар аудару керек.

Екіншіден, мектепке дейінгі білімнің едәуір бөлігі тыңдау арқылы игеріледі. Оқу жылдарында да оқушылар ақпаратты көбірек тыңдау арқылы меңгереді. Америкада жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бастауыш және орта мектеп оқушысы мектептегі уақытының 50%, ал университет студенті уақытының 90% тыңдауға жұмсайтыны анықталды [3, 94]. Зерттеушілер сабақта ауызша қарым-қатынас бір жақты екенін, мұғалімдер бір сабақ сағатының шамамен 2/3 бөлігін сабақ түсіндіруге жұмсайтынын анықтады. Мұғалім көп уақытын ауызша әрекетке арнайды. Ауызша өзара әрекеттесу бірінші орынға шыққан білім беру әдісінде оқушылардың мұғалімнің айтқандарын мұқият тыңдаумен қатар, тексеру сұрақтарын қоя отырып, мұғалімге үнемі кері байланыс беруін, түсінбей қалған жерлерін қысылмай, еркін сұрауын қамтамасыз ету қажет.

Үшіншіден, ресми «BritishCouncil» ағылшын тілі порталындағы ағылшын тілінің тыңдалым тапсырмалары мен қазақ мектептеріндегі тыңдалым тапсырмалары мен аудиомәтіндеріне зерттеу жүргізіп, салыстырдық. Зерттеу нәтижесінде мынадай өзгеріс байқалды: көбіне қазақ тіліндегі аудиомәтіндер монотонды, дауыс ырғағы біркелкі болып келсе, ағылшын тіліндегі аудиомәтіндерде көңіл-күй, эмоция басым. Әсіресе, күлу, мұнаю, ренжу дауыстары анық беріледі және ол өз кезегінде тыңдаушыға да ақпаратты жеңіл, эмпатиямен қабылдауға тиімді әсер етеді.

Сонымен қатар, ең басты себептердің бірі – тыңдалым тапсырмаларының талапқа сай 3



кезеңде толық өткізілмеуі. Бұл 3 кезеңдегі тапсырмаларды мүмкіндігінше онлайн-платформаларда, заманауи үлгіде құру қажет. Кейбір оқыту құралдары мұғалімдерге жақсы тыңдау әдеттерін дамытуға көмектеседі. Жақсы тыңдау дағдыларын дамыту үшін мидыбыстарды бір-бірінен ажырату керек. Таспа мен радио дыбыс кемшіліктерін үйретуде қолданылатын негізгі есту құралдары болып табылады. Сонымен қатар, теледидар мен компьютер сияқты аудиовизуалды құралдарды пайдалануға болады. Әртүрлі дыбыстар кассетаға немесе компакт-дискіге жазылып, оқушыларға ойнатылады. Осы орайда аудиотаспалардағы әртүрлі көлік дыбыстары, құстардың дыбыстары, музыка т.б. артықшылық болады. Оқушылар үйдегі теледидар, компьютер сияқты аудиовизуалды құрылғылардың алдында көп уақытты босқа өткізетіні белгілі. Оларды қызықтыратын осындай аудио-бейне құралдарымен өткізілетін тыңдалым сабақтарының оқушыларға беретін нәтижесі жоғары болады.

Осылайша, түрік ғалымы Murat Özbay «Bir Dil Becerisi Olarak Dinleme Eğitimi» еңбегіне сүйене отырып, тыңдалымды ұйымдастыру шарттарын былай ұсынуға болады:

1. Мәтін тақырыпқа және оқушы жасына сай таңдалуы қажет.
2. Оқушыларға ой шақыру үшін тақырып туралы сұрақ қойылады. Жаңа сөздер түсіндіріледі.
3. Мәтінді тыңдар алдында оқушылар алдымен мәтінге арналған тапсырманы және сұрақтарды оқып, талқылаулары қажет. Таныс емес сөздер түсіндірілуі керек.
4. Тыңдалым мәтіні кемінде екі рет тыңдалуы керек: а) Жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін; Сұрағы: мәтін не туралы?; ә) Нақты ақпаратты табу үшін. Сұрақтары: Кім? Не? Қашан? Қайда? Қанша? (нақты фактілерді талап ететін сұрақтар)
5. Тапсырма сұрақтарының реті мәтін желісімен сай келуі қажет.
6. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап берген соң, оқушылар жауаптарын жұпта не топта салыстыра алады. Немесе мұғалім ауызша тексереді.
7. Ашық сұрақтар арқылы оқушылар мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстырып, өз ойын ортаға салуы керек.

Заманауи үлгіде тыңдалым тапсырмаларының 3 кезеңін мына платформаларда өткізуге болады.

1-тыңдалым алды тапсырмасы. Тыңдалымның өзі оқулықтарда QR- кодпен беріледі. Оны сканерлеу үшін [Pageloot](#), [AsposeApp](#), [4qrCode](#), [codeQR](#) сынды сайттарды қолдануға болады. Яғни, арнайы бағдарламаны жүктемей-ақ, сайтта сканерлеу тиімді. Ал, Android, Apple телефондарының соңғы немесе жаңартылған үлгілерінде кодты сканерлеу үшін кірістірілген функциялары бар. Тіпті, оқушыларға үй жұмыстарын бергенде [QR Tiger](#), [Powtoon](#) сияқты сайттарда мұғалімнің өзіне аудио құрып, жүктеп, штрих-кодты берулеріне болады. [Narakeet](#) сайтында мәтінді сөзбен жазып, жүктеп оны аудиоға айналдыруға болады.

Тыңдалым алды тапсырмасы мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, ой шақыру, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақ қою және т.б. болу керек. Тыңдалым кезеңіндегі тапсырмалардығы алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. Мысалы, [rebus1.com](#) сайтында тақырыптың атауын жазғанда, ребус құрып береді. Әрине, бұл өте жылдам, қызықты әрі тиімді. Сонымен қатар, [Wordwall](#) платформасында анаграмма – сөзді немесе сөз тіркесін ашу үшін әріптерді дұрыс орындарына сүйреңіз, «Угадай буквы» – дұрыс әріптерді таңдау арқылы сөзді аяқтауға тырысыңыз, «Поиск слов» – сөздер әріптер кестесінде жасырылған. Оларды мүмкіндігінше тезірек табыңыз,


«Кроссворд» – кроссвордты шешу үшін кеңестерді пайдаланыңыз. Сөзді түртіп, жауапты енгізіңіз сияқты тапсырмалар арқылы тақырыпты ашуға болады.

Тыңдалым кезіндегі тапсырмалар әртүрлі тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар, сұрақтар. Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. Оны өткізудің тиімді әдіс-тәсілдердің бірі – [EdPuzzle](#) платформасы. Онда видеоны, аудионы, керек болса видеоны YouTube желісінен жүктеуге болады. Тыңдау барысында видео тоқтатылып, ашық/жабық сұрақтар шығып




отырады. Видеоны екінші рет тыңдауға болмайды. Сондықтан, оқушыларды бірден ескерту керек. Тапсырманы орындау барысында мұқият болады.

Мысалы, мен тыңдалым кезінде орындалатын 1 тапсырма үлгісін онлайн EdPuzzle платформасында жасадым. Бұл платформа аудио және мәтіндік жазбалары, сұрақтары мен тапсырмалары бар бейне фрагменттерін жасауға арналған. Бір бейнегесүйене отырып, ашық сұрақтармен интерактивті викторина немесе бірнеше жауаптың ішінен бір жауапты таңдау тапсырмасын жасауға болады. 9-сыныптың оқу бағдарламасы бойынша «Биотехнология – тағам өндірісінде» тақырыбына қатысты видео материалды YouTube желісінен сілтемесін алып, платформаға салдым. Оқушылар видеоны тыңдап отырып, ашық және жабық сұрақтарға жауап берді.




Мысалы, видео тоқтап, бірден сұрақ қойылады. Жауабын жазғаннан кейін ғана, видео әрі қарай жалғасады.



Бастысы, оқушылар мұқият тыңдауы керек. Себебі, видеоны қайталап тыңдауға болмайды. Бұл туралы оқушылар бірден ескертілді. Зер салып тыңдап отырған бала дұрыс жауап береді. Себебі, видео дәл сол сәтте тоқтатылады. Мұғалімге де, кім қалай тыңдап отырғанын байқауға жақсы болады.

Жалпы, 5 сұрақ қойылды. Оқушыларға бұл тапсырма қиын болған жоқ.



Бұл платформаның тағы бір артықшылығы – үй жұмысына да қосымша тапсырма ретінде беріп, тексеруге болады. Мұғалім оқушылардың жауабын, нәтижесін, қалай тыңдағанын көре алады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма мәтінде көтерілген мәселеге, ақпаратқа байланысты

талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай етіп ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік беретіндей етіп құрылуы керек. Нәтиже-тапсырма кезеңіне [Quizizz](#), [Kahoot](#), [OnlineTestPad](#), [Madtest](#), [Proprofs](#), [Quizlet](#), [ClassMarker](#) және т.б. платформалар ыңғайлы. Онда оқушылар ұсынылған жауаптардың дұрыс жауаптарын таңдайтын, суреттер мен ақпаратты сәйкестендіретін немесе өз нұсқаларын енгізетін тесттер жасауға болады. Пайдалану өте оңай, интерфейсті бірнеше минут ішінде түсінуге болады, сонымен қатар платформалардың барлығы орыс тілін қолдайды және Android және iOS жүйелерінде жұмыс істейді.

Практика барысында 9-сынып оқушыларымен 8-бөлім «Биотехнология – тағам өндірісінде» тақырыбы бойынша тақтаға тақырыпқа қатысты суреттер ілінді және интерактивті тақтадан екі топқа ребус шешу тапсырмасы берілді. Тыңдалым алды тапсырмасында 1-топ оқушылары 1 минуттың ішінде «Биотехнология» сөзін шешіп алды. Мәтіннің аудио нұсқасы болмағандықтан тыңдалым мәтіні оқылды. Осы мәтін бойынша оқулықтағы сұрақтарға оқушылар жауап берді: 1) Биотехнология деген не? 2) Ата-бабаларымыз биотехнология ғылымын білген бе? 3) Биотехнология қай ғылым саласымен байланысты деп ойлайсың? Әр топтан 2 оқушы спикер ретінде шығып, сұрақтарға тыңдалған мәтін бойынша барынша дұрыс жауап беруге тырысты. Бірақ, эксперимент ретінде оқушыларға осы мәтін экранда ұсынылды. Оқушылар енді өздері оқығаннан кейін, тезірек жауап бере бастады. Дегенмен, бұл 7 минут уақытты алды әрі әр сұрақтың жауабын мәтіннен іздей берді. Осыдан шығатын қорытынды: 1) тыңдалым мәтінін бірінші тыңдау барысында оқушылар зейін қойып тыңдамады, сол себептен барлығы спикер болып шықпады; 2) оқушылардың көбі тыңдау барысында «түртіп алу» стратегиясын қолданбады; 3) мұғалім тарапынан тірек сөздер берілмеді, сол себепті де кейбір термин сөздерді оқушы есте сақтай алмады; 4) сауалнамада жауап бергендей оқушылар өздері оқу арқылы материалды жақсырақ түсінеді; 5) оқушылардың айтуы бойынша, мәтін «қызықсыз» әрі «кең көлемді» болды.

Тыңдалым кезеңінде 9. 1. 3. 1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу мақсаты бойынша, экранда түрлі мамандық иелерінің суреттері берілді. Екі топ тыңдалған мәтін бойынша бір-бірлерімен «Биотехнология саласының қызықтары», «Биотехнолог мамандардың жаңа өнім шығаруы», «Зертханалық жұмыстардағы қызықтар» сияқты тақырыптармен ой бөлісті және кейбіреулері осы мамандықты таңдауға бел буды. Қазақ халқының ұлттық өнімдері: қымыз, шұбат, қатық, айрандардың биотехнология ғылымымен байланысын анықтап, өздері де қызықты. Осыдан шығатын қорытынды: мәтінге байланысты қызықты, пайдалы тапсырма құру – мақсатқа жеткізеді. Басында оларға қызықсыз болып көрінген тақырып, өмір қажеттілігіне жарататын, күнделікті ішіп-жүретін өнімдерді талқылау оқушыларды қызықтырды. Ең бастысы, оқушылардың өздері өздігінен бұл мамандыққа қызығушылық таныта бастады. Тыңдалым мақсатына жетіп, тақырыпты толықтай аштық деп айтуға болады.

## Қорытынды

Сабақты дұрыс тыңдауды әдетке айналдырған оқушы сабақтардан қалмауға тырысады және сабаққа қатысуда мүмкіндігінше мұқият әрі белсенді болады. Өйткені мұндай оқушы тақырыпты меңгерудің ең оңай және жалғыз жолы – сабақты тыңдау екенін біледі. Адам кітапты қалаған уақытында оқиды, қалаған кезде қайталай алады. Алайда оқу мен қайталау қосымша уақытты, жаңа реттеуді және ләззат алатын жеке іс-әрекеттерден уақыт арнауды талап етеді. Ал, оқушының қолында сабақты сабақта меңгеруіне бір ғана мүмкіндік бар: Айтылғанды тыңдау және жазып алу.

Осылайша білім алудың, оқудың көп бөлігіне сабақта тыңдау әрекетін толық орындау арқылы қол жеткізіледі деген қорытынды жасауға болады. Алайда тыңдап түсіну арқылы оқу тыңдау дағдыларын жетілдіретін әрекеттерге жүйелі түрде қатысуды талап етеді. Тыңдау – оқу процесіндегі маңызды дағды және оқу үшін таптырмас элемент болып табылады. Осыларға сүйене отырып, біз білім беру барысында алған ақпараттың көп бөлігін тыңдау

арқылы алдык деп айтуға болады.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы: Print-S, 2005.
- 2 147 б.
- 3 Кочкина З.А. Аудирование как процесс восприятия и понимания звучащей речи // Иностранные языки в высшей школе. 1964. № 1. С. 18–28.
- 4 Murat ÖZBAY. Bir Dil Becerisi Olarak DİNLEME EĞİTİMİ. – Ankara: Akçağ Basım Yayım Pazarlama A.Ş, 2005. – 196 б.
- 5 Jean E. Brown. Learning through Listening Strategies for Literature // Language Arts Journal of Michigan. – Volume 17. – Article 4. – 5 б.

### References

- 1 F.Ş.Orazbaeva. Tıldık qatynas negızderı. – Almaty: Print-S, 2005. – 147 b.
- 2 Kochkina Z.A. Audirovanie kak proses vospriatia i ponimania zvuchaşei // İnostrannye iazyki v vysşei şcole. 1964. № 1. S. 18–28.
- 3 Murat ÖZBAY. Bir Dil Becerisi Olarak DİNLEME EĞİTİMİ. – Ankara: Akçağ Basım Yayım Pazarlama A.Ş, 2005. – 196 b.
- 4 Jean E. Brown. Learning through Listening Strategies for Literature // Language Arts Journal of Michigan. – Volume 17. – Article 4. – 5 b

*Sayat Abdulla<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [Sayatabdulla096@gmail.com](mailto:Sayatabdulla096@gmail.com)

### LISTENING ACTIVITY IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS WAYS TO ORGANIZE TASKS

**Abstract.** The activity of listening is one of the most relevant topics in the modern methodology of teaching the Kazakh language, because speech communication cannot be realized without listening. Currently, there is a question as to how well listening skills are being learned in Kazakh language classes. According to the results of the conducted research, although there is a place for conversational activities in the educational standard, listening activities in classes are ignored and are not fully realized. The article analyzes research works on the effectiveness of teaching listening behavior. In it, the importance of the listening activity related to the teaching methodology of the Kazakh language is described. It covers the stages of the listening activity: before the audition, during the audition, and after the audition, and samples of tasks are offered accordingly. At the same time, during the research work, the results of the experiment conducted on schoolchildren are analyzed and their effectiveness is proven.

**Keywords:** activity, listening, kazakh language, hearing, learning, level, student.

*Саят Абдулла<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [Sayatabdulla096@gmail.com](mailto:Sayatabdulla096@gmail.com)

### АУДИРОВАНИЕ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА СПОСОБЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЗАДАНИЙ

**Аннотация.** Активность аудирования является одной из наиболее актуальных тем в современной методике преподавания казахского языка, поскольку речевое общение невозможно реализовать без аудирования. В настоящее время возникает вопрос, насколько

хорошо осваиваются навыки аудирования на уроках казахского языка. По результатам проведенных исследований, несмотря на то, что в образовательном стандарте предусмотрено место для речевых действий, аудирование на уроках остается незамеченным и не осуществляется полностью. В статье анализируются научные работы по эффективности обучения слушательскому поведению. В ней описывается значение аудирующей деятельности, связанной с методикой преподавания казахского языка. Описаны этапы прослушивания: до прослушивания, во время прослушивания и после прослушивания, и соответственно предлагаются образцы заданий. При этом в ходе исследовательской работы анализируются результаты эксперимента, проведенного на школьниках, и доказываются их эффективность.

**Ключевые слова:** действие, слушание, казахский язык, аудирование, навыки, обучение, уровень, ученик.

*Келін тусті 18 Ақпан 2024*

FTAMP 14.25.01

DOI <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v66i1.1203>*Бағашаров Құдайберді<sup>1\*</sup>,*<sup>1</sup>«SDU University», Қаскелең, Қазақстан\*e-mail: [k.bagasharov@sdu.edu.kz](mailto:k.bagasharov@sdu.edu.kz)

## ҚОҒАМНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ БАҒДАР ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Аңдатпа.** Бұл мақалада орта білім беретін мекемелерде оқушыларға кәсіби бағдар жұмысын жүргізу кезінде туындайтын бірқатар өзекті мәселелер сөз етіледі. Қазіргі әлем жылдам өзгеріс үстінде болғандықтан, еңбек нарығына да өзгерістер ықпал ететіні белгілі. Бұл жеке тұлғаға қойылар талаптардың құбылмалығын аңғартады. Идеал жағдайда жасөспірім бұған сергек қарап, еңбек нарығындағы жағдайға тез бейімделе білуі тиіс. Бұл кәсіби бағдарлаушы мамандардың әр түрлі мамандықтар бойынша дұрыс танымдық бағдар беруі мен оқушының жеке қабілеттерін нақтылап, таңдалған мамандыққа қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтауымен байланысты. Дегенмен осы маңызды жұмысты атқаруда мамандар кездесетін өзекті жайттар да баршылық. Озық педагогикалық тәжірибе, ғылыми зерттеулердің нәтижелері кәсіптік бағдар беру іс- әрекетінің табысты болуын осы фактілермен таныс болуымен байланыстырады. Ол кәсіби бағдар беруші педагог маман үшін пайдалы әрі жұмысына дайындығына да оң ықпал етеді. Осы себепті мектеп оқушыларына кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуде кездесетін көлденең мәселелер мақалаға арқау етілді.

**Түйін сөздер:** кәсіби бағдар, мектеп, оқушылар, маман, келеңсіздіктер, мамандық таңдау

### Кіріспе

Кез келген білім беру мекемесінің негізгі міндеті жас буынға жаһандану заманына сай қажетті білім беріп, оны қоғамға қажетті маман иесі ету, яғни нарықтық экономика талаптарына сай мамандар даярлау. Қазіргі нарық барған сайын бәсекеге қабілеттілік, білім мен біліктілікке талап күшейтіп келе жатқаны белгілі. Оның үстіне «Мамандықтар әлемі» өте құбылмалылық сипатын нақ көрсетуде. Д.В. Татьяначенко «Профориентация: основы, проблемы, тенденции, ресурсы» атты әдістемелік құралында жыл сайын 500-ге жуық жаңа мамандықтар пайда болатынын, көптеген мамандықтар небәрі 5-10 жыл «өмір сүріп», содан кейін «өлетінін» не адам танымастай өзгеретінін айтады. Нәтижесінде монопрофессионализм полипрофессионализммен алмастырылады. Сол себепті жас түлек бұл білімге дайын болуы тиіс. Оқу кезеңінде алынған дағдылар бүкіл жұмыс өміріне жетпеді. Сондықтан өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту кәсіби өзін-өзі анықтауға және кәсіби іс-әрекетке дайындаудың қажетті шарты болып табылады [1, 12]. А.М. Столяренко кәсіптік бағдарға мынандай анықтама ұсынады: «Қоғамның жоғары білікті кадрларға деген қажеттіліктерінен туындаған бұл іс жауапты мемлекеттік мекемелердің ғылыми-практикалық қызметінің көп өлшемді, біртұтас жүйесіне жатады, өскелең ұрпақты мамандық таңдауға дайындау әр адамның жеке ерекшеліктерін нақтылау нәтижесінде соған сәйкес келетін кәсіпте өз-өзін анықтау ісі» [2]. М. П. Нечаев пен С. Л. Фролованың пікірінше, кәсіптік бағдар берудің мақсаты – білімгерлерге мамандықтар әлемі туралы керекті ақпарат беру және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу, өмірлік жоспарларын жүзеге асыруға жағдай жасап, кәсіби қызметке деген құндылық көзқарасын қалыптастыру [3]. Н.С.Пряжников болса кәсіптік бағдар беру жұмысының мәні ретінде елдің толыққанды азаматтарын дамыту үшін психологиялық-педагогикалық (сонымен қатар ұйымдастырушылық, қаржылық және т.б.) жағдайлар жасап, бүкіл қоғамның игілігі үшін жастардың әлеуетін іске асыра білу екенін айтады [4, 297]. Қазіргі білім беру жүйесінде теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту жүйесі, техникалық, кәсіптік мамандар даярлауға айрықша мән берілумен қатар кәсіби бағдар беру жұмысын белсендендіріп, сол бағыттағы өзекті мәселелерді қарастырып отыру маңызды. Қазіргі

заманауи талаптар кәсіптік бағдар берудің ғылыми- практикалық мәселелерін әзірлеуге ерекше назар аударуды талап етуде.

### Әдістер мен материалдар

Мектеп бітіруші түлекке өз қабілетін анықтауының практикалық мәселелерін шешуге ықпал ететін кейбір бағыттар мәселесінде зерттеушілер әрқилы факторларды алға тартады. Атап айтқанда, Б.А. Федоришин үшін ол қажетті білім және оқушының жеке ерекшеліктерін объективті бағалау дағдыларын шыңдауды мақсат тұтқан кәсіптік бағдар беру жүйесі, В.Д. Шадриков, Н.П. Воронин: жас түлектің тұлғасын зерттеудің диагностикалық әдістері; Е.А. Климов: жастарға кәсіби кеңес берудің теориялық және әдістемелік негіздерінің маңызы; В.Ф. Сахаров, Н.К. Степаненков: кәсіби бағдар беруге деген жүйелі көзқарас; Е.М. Павлютенков: мамандық таңдаудың әлеуметтік маңызды мотивтері; Г.П. Шевченко: бұл үдерісте рухани мәдениет элементтерін қалыптастыру қажеттігін жақтауда [5].

Қазіргі әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі, даму қарқынының жеделдеуі, оның әр елге ықпалы сәйкесінше еңбек нарығына да өз ықпалын тигізуде. Осының салдарынан жас мамандардың кәсіби даярлығына қойылатын талаптар да артты. Көп жағдайда мектеп бітіруші оқушылар бұл талаптарға дайын болмай жатады. Оған себеп аз емес. Әуелгі мәселе ретінде кейбір мектептердегі кәсіби бағдар беру жұмысына деген немқұрайды қатынасты айтуға болады, штатта әлеуметтік- педагогикалық жұмыстың осы бағытына жауап беретін мамандар жетіспейді. Мұғалімдердің кәсібилігі білім беру ортасының мәдени әртүрлілігіне байланысты десек те, педагогикалық ғылым мен практиканың алдындағы жаңа мақсат интеграциялық кеңістікте өмір сүруге және жұмыс істеуге қабілетті жаңа типтегі кадрлардың даярлығына ерекше мән беру болуы тиіс. Мектептегі кәсіби бағдар жұмысына көңілі толмаған жасөспірім ол қажеттілігін басқа жақтардан алуға әрекеттенеді. Ал арнайы дайындық болмастан, баланың қабілеттері мен туа бітті бейімділігін жеткілікті анықтамастан ата-ана не жақындары балаға толыққанды мәліметтер бере алуы күмәнді. В.А. Богданова мен Т.С. Сафонова Кәсіби бағдар беру жұмысындағы субъектілер қатарына жататындар ретінде өз өзін анықтайтын тұлға (оқушы, жұмыссыз адам т.б.), отбасы, психологиялық-педагогикалық ғылым, психологиялық орталықтар мен қызметтер, білім беру мекемелері (мектеп), мемлекет екенін атайды. Олар оқушыларды мамандық таңдауға дайындау барлық жас кезеңдерінде жүзеге асырылатын ұзақ және үздіксіз процесс екенін, Кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижесі мектеп түлектерінің саналы түрде кәсіби өзін-өзі анықтауы болып табылатынын түсіндіреді [6].

Зерттеу деректері бойынша Қазақстанда еңбекке қабілетті халықтың 60% - ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді [7]. Бұл жағдайдың себебі екі жақты. Бір жағынан, жастар өз әлеуетін дұрыс түсінбейді немесе толық түсінбейді. Олар өздерінің бейімділігін, белгілі бір қызмет түрлеріне бейімділігін сирек біледі. Жастардың, жалпы алғанда, өз таланттарын, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін сезінудің төмен деңгейі бар. Екінші жағынан, бұл адамның еңбек нарығы туралы, сұранысқа ие мамандықтар туралы толық ақпаратқа ие болмауының нәтижесінде мамандықтарды бейсаналық таңдау. Қазақстанда халықтың мамандық таңдауда белгілі бір ерекшеліктер қалыптасты. Мамандық пен мамандықты таңдау көбінесе отбасылық дәстүр, әлеуметтік трендтер (гранттардың болуы, ҰБТ өту деңгейі) немесе нақты жағдайды объективті түсінбейтін ата-аналардың, туыстардың, достардың кеңестері негізінде жүзеге асырылады. Зерттеу негізінде алынған кейбір сандарға қарасақ: Оқушылардың 87% - ы ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінің ықпалымен мамандық таңдайды. Бұл ретте ата-аналардың 75% - ы балаларының қандай мамандықты таңдағысы келетіні туралы түсініктері жоқ екенін мойындайды. Оқушылар мен олардың ата-аналарының 90% - ында нарықта сұранысқа ие мамандықтар. Барлық респонденттер ешқашан мансаптық бағдар туралы ақпаратты мақсатты түрде іздемеген. Сонымен қатар, ақпараттың болмауы немесе кәсіптік бағдарлау бойынша қолданыстағы әдістемелер мен құралдардың тиімсіздігі әсер етеді [8]. Болашақ мамандығын дұрыс таңдап, әртарапты экономика мен қоғамның белгілі бір салаларында құлшына еңбек ететін, жоғары еңбек өнімділігін паш ететін жандар мемлекет



пен қоғам үшін тұрақтылық пен өсуге кепілдік беретін маңызды стратегиялық ресурсқа жатады. Шындап келгенде, қазіргі қоғамдағы кәсіптік бағдар беру - бұл адамның өз қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мамандық таңдауына мүмкіндік беретін іс-шаралар жиынтығы ғана емес. Е. И. Пилюгина пайымынша, кәсіптік бағдар — бұл ауқымы жағынан мемлекеттік, нәтижесі бойынша экономикалық, мазмұны бойынша әлеуметтік, әдіс-тәсілдері бойынша педагогикалық күрделі және көп қырлы мәселе [9]. Орта білім беретін мектеп оқушылары үшін болашақ мамандығын таңдай алу – өмірлік аса маңызды шешім. Жоғары және жоғары сыныптарда мектеп оқушылары үшін мамандық таңдау өте бір өзекті. Бұл кезде кәсіптік бағдар беру жүйесі ата-аналарды да, кәсіптік оқу орындарын да, медицина қызметкерлерін де, психологтарды да, кәсіпорындар мен мекемелердің мамандарын да біріктіре отырып, жоғары қарқынмен жұмыс істеуі керек. Кәсіби бағдар жұмысында кездесетін күрделі мәселенің бірі мамандықтардың тез жаңаруы екені болып отыр. Алдағы он жылда өзекті болатын мамандықты анықтауда көбіне Foresight (Форсайт) әдістемесі қолданылады. Озық технологиялар мен кең инновациялардың жетіле түсуімен қандай еңбек дағдылары сұранысқа ие екенін анықтауда Технологиялық Форсайттың ұтымды жақтары елеулі. Форсайт әдістемесі алдағы болашақ адамның бүгінгі әрекеттеріне, қазіргі кездегі қажыр-қайратына байланысты екенін, оған қоса, келешектегі даму нұсқаларынан әркім өзіне сәйкесін таңдауы қажеттігін алға тартады. Болашақ сценарийлерін өзіндік мол тәжірибесі бар, көзқарасы қалыптасқан, өз саласының дамуына мүдделі салалық сарапшылар әзірлейді. Салалық сарапшылар бұл мәселені бірлескен жұмыс топтарында әрі форсайт сессиясы деп аталатын арнайы іс-шарада талқылай отырып әзірлейді және өзара ұйғарымға барады. «Форсайт - сессия жұмысының негізгі мақсаты болашақ трендтерін анықтау және талдау болып табылады – кәсіби қызмет салаларының өзгеруіне әсер ететін, уақыт өте келе ұзақ мерзімді дамып келе жатқан процестер. Анықталған трендтердің оң да, теріс те салдары болуы мүмкін: мүмкіндіктер ұсыну және қауіп-қатер тудыру. Мысалы, ақпараттың қол жетімділігін арттыру білімге еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге ақпараттың шамадан тыс жүктелуіне және тіпті ақпараттық шабуылға қауіп төндіреді» [10]. Жаңа мамандықтар заман талабының жаңарғанын білдіріп қоймай, жас түлекке жаңаша қабілеттер игеруді қажет ететіні сөзсіз. Жаңа мамандықтар атласымен уақытылы хабардар етіп отыру да кәсіби бағдар беруші маманның қызметіне жатады.

### Нәтижелер және оларды талдау

Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жаңа мамандықтар атласы» атты жоба 2019 жылы жүзеге аса бастады. Жоба шеңберінде төрт жүзден астам мамандық қарастырылды. Олардың ішінде жаңа және еңбек нарығында енді пайда болған мамандықтар, «зейнеткер» мамандықтар, трансформацияға ұшыраған мамандықтар бар. Бұл жоба аясында экономиканың негізгі 9 саласы бойынша үш топтағы мамандықтар анықталған. Мәселен, Павлодар өңірінде Павлодар өңірі экономикасының тапшылықтары, жаңа талаптары, жаңа мамандықтары айқындау мақсатында «Өңірлік атлас» әзірленген. Бұл жобаның аясында ЖОО, кәсіптік білім орындары 25 оқу бағдарламасын жаңартты және 15 жаңа оқу бағдарламасын дайындап, пысықтаған. Осы табысты пилоттық жоба 2025 жылға арналған Қазақстан халқының табысын көтеру бағдарламасының ішінде «Мамандығым – болашағым» атты арнайы бағыт ретінде енгізілген [11]. Жаңа мамандықтарға қатысты қазіргі күнгі жетекші трендтер - бұл: Роботтар мен ақылды жүйелерді енгізудің таралуы; Цифрландыру аясын және үлкен деректерді кеңейтуі; Шикізаттың табиғи ресурстарының сарқылуы; Экологиялық стандарттарды күшейту және қайта өңдеуді дамыту; Y және Z буын жұмысшыларына жаңа еңбек талаптарының көрінісі; Халықтың тұтынушылық талғамының өзгеруі [10]. Кәсіби бағдар жұмысында кездесетін өзекті жайттардың бірі мифтер болып отыр. Миф деп мамандыққа қатысты қалыптасқан қате пайымдар меңзелуде. Атап айтқанда, ата-ана бәрін біледі деп қарау соның бірі. Анығында жұмысбасты ата-ананың еңбек нарығын қадағалауға, кәсіптік тенденциялар, жаңа мамандықтар атласы, жоғарғы оқу орнына түсу талаптарын жіті біліп отыруға мүмкіндігі бола бермейді. Қай университеттерде қандай мамандықтар бар,

ақылы-ақысызы, өту балы қанша, жатақхана жағдайынан көп ата-аналар хабарсыз. Сол үшін де тек ата анаға сеніп қалу өмірмәнді шешім қабылдауда жеткіліксіз екенін байқатады. Екінші бір миф ол алынған тесттерге қатты сенім арту. Кәсіби бағдар кезінде әрине тест алынады. Ондай біршама тест түрлері баршылық: тест Климова, тест Голланда, тест Йовайши, қызығушылықтар картасы, карьер якоры, Магеллано университеті және т.б. Тест-бұл адамның жеке басын көрсететін көрсеткіштердің бірі ғана. Баланың қай салаға көбірек бейімділігін анықтауда белгілі бір деңгейде тесттер көмектескенмен, ол бала қабілетін толық ашпайды. Бірде-бір тест адамның сол кездегі психофизикалық жағдайымен санаспайды. Тест кәсіптік бағдар берудің шешуші бөлігінің бірі болып табылады, бірақ толық ашпайды. Сондықтан тест бұл жеке әңгімелесу, диагностика, қарапайым және күрделі сұрақтар, рефлексия, метафоралық жаттығулардан және басқалардан басқа, кәсіптік бағдар беру жиынтығындағы құралдардың бірі ғана. Осы себепті тест көрсеткіштеріне де біржақты сенім қалмаған дұрыс. Оған қосымша, сынып жетекшісі мен ұстаздардың бақылауы, баланың өз пайымы, ата-анасының баланы тануы т.б. факторлар қосымша ескерілуі тиіс. «Беделді мамандық әрдайым сұранысқа ие» деген түсінік те әркез дұрыс бола бермейді. Мамандық беделді болғанмен сұранысқа ие мамандықтардың орны әрқашан бөлек. Қарқынды дамып бара жатқан салаларда (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және т.б.) мамандар жиі сұраныс тудырады. Жай уақыттағы көптеген дәстүрлі беделді мамандықтар үнемі сұраныста болмауы мүмкін. Жұмыс беруші үшін де жұмысқа алған адамының кәсібилігі көбірек маңызды. Әрине, кәсіби бағдар жұмысының бұдан басқа да өзекті мәселелері аз емес. Төмендегі кестеде (1) солардың бірқатары аталып, шешім жолдары көрсетілді [10].

Кесте 1

Әдетте кездесетін проблемалар	Шешімі
Мамандықтарды таңдауда ақпарат жетіспеушілігі, қолдағы мәліметтерді жүйелей алмау, еңбек нарығы мен нақты мамандық талаптарын білмеу.	Еңбек нарығы мен мамандық талаптарын талдау қабілетін қалыптастыру, білім беру нарығын талдау, жұмыскерге қойылатын талаптар мен еңбек нарығы туралы мәліметтер алу дереккөздері мен әдістерін жүйелеу
Өз қабілеттерін жеткілікті танымау, өзін бағалаудың төмендігі, талаптардың жоғарылығы, эмоционалды ерік пен коммуникативті саланың бұзылуы, жұмысқа деген қызығушылықтың төмендігі	Өзін тану қабілеттерін арттыру, өзін жоғары бағалай білу, талаптардың шынайы деңгейін анықтау, диагностика мен өзін тексеру үшін оқушыға арнайы жұмыс дәптерін толтыруы.
Әлеуметтік тұрғыдан піспеу, жоғарғы деңгейде өмірлік құндылықтардың болмауы	Әлеуметтік позицияны белсендендіру, жоғарғы деңгейде өмірлік құндылықтарды қалыптастыру
Шешім қабылдай алмай, мамандық таңдай алмай дағдару, жеке жұмыс істеу дағдыларының қалыптаспауы	Мамандық таңдау, мамандыққа қол жеткізу жолдарын және орнықты шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастыру, емтихандар тапсыру, жұмысқа орналасу
Өз күшіне сенімсіздік, сәтсіздіктер кезінде абдырап қалу	Психологиялық көмек беру, табысқа жету ситуациясын жасау, мақсатқа жетуде ресурстарды белсендендіру, қосымша варианттар қарастыру.

Бүгінгі күні ғалымдар арасында кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтаудың мәні туралы ортақ түсінік жоқ. Тәжірибелік психологиядағы



«тұлғаның өзін-өзі анықтауы» түсінігін талдауға, тұлғалық даму психологиясына және кәсіптік бағдарға жүгінсек, оның өзін еңсеру (self-transcendence), өзін белсендендіру (self-actualization), өзін реализациялау (self-realization), өзін актуалдау (self-actualization), өзін пайымдау (self-awareness) сияқты ұғымдармен өзара сәйкес келетінін көреміз. Айта кету керек, Зир, Климов, Михайлов, Пряжников, Сергеева және т.с.с. көптеген зерттеушілер бұл ұғымдарды арнайы еңбек әрекетімен байланыстырады. Мысалы, А. Маслоу теориясы бойынша өзін-өзі актуализациялау «мағыналы жұмысқа деген құштарлық арқылы» көрінсе, К. Ясперс өзін-өзі жүзеге асыруды «адам жасайтын жұмыспен» байланыстырады. И.С. Конн болса, өзін-өзі жүзеге асыру еңбек, жұмыс және араласу арқылы көрінетінін ұғынады [13, 60]. Қазіргі психологтар өзін өзі айқындау мәселесінде жалпылама ортақ ой тоғыстырғанмен, кейбірі өзіндік оқшау көзқарасқа ие. Атап көрсетер болсақ, а) кәсіби өзін-өзі анықтау адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін жоспарлауды ынталандырады (Т. Н. Власова, Н. Ф. Гейжан, С. С. Гриншпун, О. П. Мешковская және т.б.); б) кәсіби өзін-өзі анықтау – жеке тұлғаның кәсіби қызмет саласына саналы оң көзқарасы (И.Ф. Загорец, Н.Н. Захаров, Н.Д. Симоненко және т.б.); в) кәсіби өзін-өзі анықтау тұлғаның кәсіби дамуының элементтерінің бірі болып табылады, оған кәсіби бағыттылық пен өзіндік сананы қосады (Н. Е. Касаткина, М. Л. Кондурина, С. Н. Чистякова, Г. И. Шалавина және т.б.). Өзін-өзі анықтаудың мәнін бұлайша әртүрлі түсіну, біріншіден, адамның өз ұстанымын, сөйлеу пәніне деген көзқарасын таңдауды талап етеді, бірақ, екінші жағынан, әртүрлі көзқарастармен танысу зерттелетін мәселені жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді және жалпы дамуына ықпал етеді [13, 63].

### Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарға байланысты жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру процесінде мына екі тұсты ескеру маңызды деп есептейміз. Бір жағынан, жасөспірімдерді кәсіптік бағдарлау жүйелі түрде ұйымдастырылып, тұрақты және ұзақ мерзімді болып, оқу-тәрбие процесінің әмбебап құрамдас бөлігіне айналуы керек. Екінші жағынан, білімгер мамандықтарды интроспекция және талдай алып, өз бетінше мамандық таңдай алатын қабілетке ие болуы тиіс. Тіпті мектеп бітірушілерінің кәсіби жетістігінің критерийіне қарап, жалпы білім беру ұйымының тиімділігін бағалауға болатынын ескерген жөн. Кәсіптік бағдар беруді тиімді ұйымдастыру үшін жұмыс жүйесіне ұйымдық-функционалдық, логикалық-мазмұнды және жеке құрамдас бөліктерді қосқан тиімді. Бұл жерде ұйымдастыру-функционалдық құрамдас бөлікке мектеп оқушыларын өздерінің кәсіби болашағын саналы таңдауға дайындауға, олардың прагматикалық міндеттері мен міндеттерін орындауға жауапты, үйлестіру принципіне негізделген әртүрлі әлеуметтік институттардың қызметі кіреді. Логикалық-мазмұндық құрамдас бөлікке студенттердің кәсіптік білімін ұйымдастыру, олардың қызығушылықтары мен кәсіптің қай саласына бейімділігін байқау, сол салаларда оларды кәсібилікке баулу, жетілдіру, яғни әлеуметтік және кәсіби бейімделу мәселелері бойынша кеңес беру жатады. Ал жеке құрамдас бөліктерге студент тұлғасын кәсіби өзін-өзі анықтауды дамыту субъектісі ретінде қарастыруды жатқыза аламыз. Ол білімгердің шығармашылық белсенділік, өзін-өзі көрсету, кәсібилікке ұмтылатын белсенді позициясын болжайды. Кәсіби бағдар беру ісінде кездесетін өзекті мәселелер уақытылы реттеуді қажет етеді. Әуелгі кезекте жалпы білім беретін орта мектепте кәсіби бағдар беру ісіне деген ата-ана, педагог ұстаз, оқушы жауапкершілігін арттыру уақыт күттірмейтін іс. Жалпы жағдайды біртіндеп түзету үшін жан-жақты және ұзақмерзімді іс-шаралар қолға алынғаны жөн. Кәсіби бағдар жұмысын кемшіліксіз жолға қою, оның инновациялық және конструктивті өсу бағыттарын нақтылап отыру маманның өмірде өз кетігін тауып қалануына әрі ісінде табысқа жол ашады. Бұл жағдай бәсекеге қабілеттілік пен мемлекеттік дамуға бастары сөзсіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Татьяначенко, Д.В. Профорентация: основы, проблемы, тенденции, ресурсы: методическое пособие для руководителей образовательных организаций / Д.В. Татьяначенко; НИЦ «Центр управления образовательными проектами ФГБОУ ВО «ЮУрГГПУ». – Челябинск, 2016. – 55 с.
- 2 Столяренко А.М. Общая и профессиональная психология. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 382 с.
- 3 Нечаев М. П., Фролова С. Л. Современное осмысление проблем профориентации обучающихся / Психолого-педагогический журнал Гаудеамус, Т. 16, № 2, 2017 С. 9-16.
- 4 Пряжников Н. С. Профорентация : гармонизация точек зрения / Н. С. Пряжников // Научный диалог. — 2018. — № 3. — С. 289— 303.
- 5 Казаков Д.В., Даничев А.А., Машанов А.А. Основные проблемы профориентации школьников на современном этапе развития общества. Вестник КрасГАУ. 2012. № 9
- 6 В.А. Богданова, Т.С. Сафонова. Современные проблемы профориентации школьников. 08 Желтоқсан, 2023. [www.researchgate.net](http://www.researchgate.net).
- 7 2023 жылдың соңына дейін «Болашаққа сеніммен» кәсіптік бағдар беру жобасы 500 астам мектепте жүзеге асырылады. Қаңтар 07. 2023. [forbes.kz](http://forbes.kz)
- 8 Мамандық бағдарлау. Қараша 11, 2023. [www.enbek.kz1](http://www.enbek.kz1)
- 9 Пилюгина, Е. И. Актуальность профориентационной работы в образовательных учреждениях / Е. И. Пилюгина, М. Д. Иванова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2017. – № 15 (149). – С. 619-623.
- 10 Атлас туралы. Қараша 11, 2023. [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)
- 11 СБ ақпарат. Жаңа мамандықтар атласы: кәсіби бағдардың маңызы. Қараша 11, 2023. [www.syrboyi.kz](http://www.syrboyi.kz)
- 12 Актуальные проблемы профориентологии на современном этапе развития общества: материалы всерос. науч.-прак. конф. (г. Новосибирск, 22-23 октября 2015 г.). - Новосибирск: Изд-во СГУПС, 2016. – 340 с.
- 13 Евтюгина А. А., Самойлова Т. И. Проблемы профессионального самоопределения и профессиональной ориентации школьников в современной теории и практике. Социокультурное пространство России и зарубежья: общество, образование, язык 2018, выпуск № 7. С 58-68.

## References

- 1 Tătänchenko, D.V. Proforientasia: osnovy, problemy, tendensii, resursy: metodicheskoe posobie dlä rukovoditelei obrazovatelnyh organizasi / D.V. Tătänchenko; NIS «Sentr upravlenia obrazovatelnyimi proektami FGBOU VO «IUUrGGPU». – Cheläbinsk, 2016. – 55 s.
- 2 Stolärenko A.M. Obşaia i profesionälnaia psihologia. – M.: IÜNITÏ- DANA, 2003. – 382 s.
- 3 Nechaev M. P., Frolova S. L. Sovremennoe osmyslenie problem proforientasii obuchaiuşihsä / Psihologo-pedagogicheski jurnal Gaudeamus, T. 16, № 2, 2017 S. 9-16.
- 4 Präjnikov N. S. Proforientasia : garmonizasia toчек zrenia / N. S. Präjnikov // Nauchnyi dialog. — 2018. — № 3. — S. 289—303.
- 5 Kazakov D.V., Danichev A.A., Maşanov A.A. Osnovnye problemy proforientasii şkölnikov na sovremennom etape razvitia obşestva. Vestnik KrasGAU. 2012. № 9
- 6 V.A. Bogdanova, T.S. Safonova. Sovremennye problemy proforientasii şkölnikov. 08 Jeltoqsan, 2023. [www.researchgate.net](http://www.researchgate.net).
- 7 2023 jyldyñ soñyna deiin «Bolaşaqqä senimmen» käsıptık bağdar beru jobasy 500 astam mektepte jüzege asyrylady. Qañtar 07. 2023. [forbes.kz](http://forbes.kz)
- 8 Mamandyq bağdarlau. Qaraşa 11, 2023. [www.enbek.kz1](http://www.enbek.kz1)
Another proportion of teachers have made reference to the fact that culture is part of language learning and ICC is the core value of foreign language education and is the ultimate goal of learning English. Moreover, it is crucial to point out that language is learned within a context, never in isolation and culture is the boat that is the most effective way and relatable context to learning a particular language.

Regarding those 9.1% of teachers who consider ICC as not a really important aspect, they hold an opinion that English, as an example, is considered a global language and has become just a tool for communication. It is definitely true that English is considered a lingua Franca, however, we still have to remember that it is essential to learn how to communicate well in the intercultural context.

Teachers integrate cultural aspects into their teaching at varying levels of frequency. While 36.4% of teachers reported doing it very often, 27.3% of them incorporate it sometimes, close to rarely, and 18.2% reported both never and always doing so. These findings indicate that regardless of years of experience in language education, teachers may still struggle with integrating ICC not

because they think it is not something they believe is important and helps to communicate effectively with people coming from different cultures, but because they are not knowledgeable and do not know how to do that efficiently so that it could really contribute positively to students' education.

**Table 2**

*Strategies and techniques they have used so far to enhance intercultural communication in the classroom among language learners*

Response Category	Number of Teachers	Specific responses
Rarely or never use cultural elements	2	1, 9
Use of videos and discussions to compare cultures	3	3, 7, 8
Promoting respect and critical thinking through cultural elements	2	2, 4
Use of experiential and interactive methods (case-studies, role-plays, scenarios)	3	5, 6, 10
Integrating historical and cultural awareness in specific subject content	1	11
PBL, ICC Incidents, TBL	2	6, 7

Most of the respondents mentioned that they use PBL, TPR, TBL, case studies, role-plays, scenarios, reflective journals, different questionnaires closely connected to cultures, etc. Another example of the activity that teachers actively use to enhance ICC is analyzing ICC incidents which is done in Intercultural Communication in EFL course.

When asked about the strategies that teachers believe to be the most effective in promoting intercultural competence in the classroom, the first 2 methods that stand out are Project Based Learning and Cultural Exchange Programs. 81.8% and 72.7% of respondents chose them as one of the most effective ways to promote ICC, while 54.5% chose Task-Based Learning, 45.5% reported utilizing both CLIC and Case Studies. The least preferred method is Collaborative Learning (27.3%).

The majority of teachers (63.6%) proved that lack of resources and support is one of the biggest barriers, while 45.5% chose time constraints, cultural sensitivity, and lack of teacher training. The least common obstacles that prevent teachers from using cultural elements turned out to be student engagement and issues regarding the integration with language skills with only 9.1% choosing those options. Three of the teachers indicated that their personal biases may be a factor that challenges them in incorporating culture into language lessons. As in one particular class, there are usually people from different cultural backgrounds, it may also raise some problems regarding cultural relevance (18.2%) as something that teachers try to teach might be relevant for one group of students, but irrelevant for others.

#### **Students survey:**

The questions to evaluate students' intercultural communicative competence were taken and adapted from the book *Building Cultural Competence* (Berardo, Deardorff, & Trompenaars, 2012). According to the book "the items listed are invaluable in developing intercultural competence and in interacting effectively and appropriately with people from other cultures". There are overall 15 questions for self-evaluation and one open-ended question for students to describe their general



attitudes toward other cultures.

**Table 3**

*Results for Students' Self-evaluation of Intercultural Communicative Competence*

	Strongly Agree	Agree	Neutral	Disagree	Strongly Disagree
Respect for Other Cultures	84	37	2	-	2
Openness to Intercultural Learning and People from Other Cultures	73	41	11	-	-
Tolerance for Ambiguity	34	38	41	12	-
Flexibility in Intercultural Situations	34	61	24	6	-
Curiosity and Discovery	66	50	9	-	-
Withholding Judgment	46	46	22	10	1
Cultural Self-awareness/Understanding	62	50	10	3	-
Understanding Others' Worldviews	42	58	19	4	2
Culture-Specific Knowledge	56	55	11	2	1
Awareness of Using Other Languages in Social Contexts	55	61	7	1	1
Skills to Listen, Observe, and Interpret	47	60	15	3	-
Skills to Analyze, Evaluate, and Relate	41	65	15	4	-
Empathy	57	49	14	5	-
Adaptability	29	55	31	10	-
Communication Skills	32	61	25	6	1

*Note.* Adapted from *Book Building Cultural Competence*, by Berardo, Deardorff, & Trompenaars, 2012, p. 50.

The last question asked students whether the mandatory ICC course has changed their attitudes

toward other cultures. 29 students have not yet taken the course. Among those who have already completed the course 70 students indicated that their attitudes have definitely changed for the better. Students indicated that they have become more open-minded, tolerant, and knowledgeable, and started to appreciate diversity and understand other viewpoints. Only 11 students said that the course hasn't influenced them. The rest have said that their attitudes towards other cultures haven't changed much, some of them indicated that they already were open-minded people before the course. However, students mentioned they gained a lot of knowledge about intercultural communication and concepts related to it.

## **Discussion**

Based on the findings certain generalizations can be made regarding students' level of intercultural communicative competence at an educational establishment where cultural elements are integrated into the learning process. Majority of students assess their level of ICC as high and consider themselves open-minded, empathetic and tolerant global citizens. Moreover, a big proportion of students feel confident while using foreign language in various social contexts in intercultural settings. Most of the students possess necessary skills to become interculturally competent language users. In addition, a mandatory ICC course at university proved to be useful, since lots of students (70) mentioned its positive influence on their attitudes and knowledge towards other cultures.

Majority of teachers hold an opinion that ICC is very important in language education because, according to one of the teachers, language is not only words and grammar, it is a new culture, that is why language is a tool for students to equip themselves with intercultural communication skills which is the most important to adapt in a new culture. In different words, you cannot teach one without another as culture is a part of the language. Some teachers mentioned Kazakhstan as a multinational country saying that it is important to develop it since we live in a multinational society and thus it will contribute to our understanding of other cultures.

In terms of ways of incorporating cultural elements into their teaching, it was discovered that almost all teachers utilize comparison method in different ways, additionally, with a combination of other approaches, especially PBL:

- showing videos of one culture and discussing the differences and similarities with their own;
- PBL (ICC Incidents): comparing two different cultures and creating a coursebook based on findings:
  - watching films where two different cultures are represented and discussing what differences were introduced.

Comparison method is widely utilized by almost all educators who teach languages or other disciplines where a particular language is taught because teachers try to build very strong connections not only between those students who come from different cultural backgrounds and study within one classroom, but also consider all other cultures around the world.

## **Conclusion**

In conclusion, the research presents a number of efficient techniques and strategies implemented by educators who teach foreign languages. These techniques and results of the present study are encouraged to be used in order to develop intercultural competence in language classrooms.

According to the findings, it was revealed that many teachers find it effective to utilize comparison methods when teaching culture in language education as students get to know other cultures well by discovering similarities and differences with their own culture. Since there might be students coming from different cultural backgrounds in one single classroom, teachers believe that ICC is crucial and the implementation of cultural elements into language teaching is also vital as it is a part of that culture whose language is taught and learned. When it comes to students' level of ICC it was determined that integrating culturally authentic materials plays an important role as it helps students become more tolerant and aware of the existence of other cultures, specifically, it is related to those who took ICC courses.

## References

- 1 Berardo, K., Deardorff, D., & TROMPENAARS, F. (2012). Building cultural competence. Stylus.
- 2 Byram, M. (2020). Teaching and assessing intercultural communicative competence: Revisited. *Multilingual matters*.
- 3 Byram's, B. M. (1997). Model of Intercultural Communicative Competence (ICC) Müller-Hartmann, Andreas/Schocker-von Ditfurth; Marita (2007). Introduction to English Language Teaching. Stuttgart: Klett. Savoir comprendre/skills of interpreting and relating.
- 4 Byram, M., Gribkova, B., & Starkey, H. (2002). Developing the Intercultural Dimension in Language Teaching: A Practical Introduction for Teachers. Strasbourg: Council of Europe.
- 5 Byram, M. (2008). From foreign language education to education for intercultural citizenship: Essays and reflections (Vol. 17). *Multilingual Matters*.
- 6 Byram, M., & Zarate, G. (Eds.). (1997). The sociocultural and intercultural dimension of language learning and teaching. Council of Europe.
- 7 Creswell, J.W. (2003). *Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches*. (2nd ed.). Thousand Oaks: Sage Publications.
- 8 Fantini, A. E. (2009). Assessing intercultural competence. *The SAGE handbook of intercultural competence*, 456-476.
- 10 Gardner, R. C., & Smythe, P. C. (1975). Motivation and second- language acquisition. *Canadian Modern Language Review*, 31(3), 218- 233.
- 11 Gonen, S. I. K., & Saglam, S. (2012). TEACHING CULTURE IN THE FL CLASSROOM: TEACHERS' PERSPECTIVES. *International Journal of Global Education (IJGE) ISSN: 2146-9296*, 1(3).
- 12 Guilherme, M. (2000). Intercultural competence. In, M. S. Byram (Ed.), *M. Routledge Encyclopedia of Language Teaching and Learning* (pp. 298-300). London and New York: Routledge Taylor and Francis Group.
- 13 Hoff, H. E. (2020). The evolution of intercultural communicative competence: Conceptualisations, critiques and consequences for 21st century classroom practice. *Intercultural Communication Education*, 3(2), 55-74.
- 14 Hughes, G. (1986). An argument for cultural analysis in the second language classroom. In: Valdes, M. (ed.) *Cultural bound*. Cambridge University Press.
- 15 Nugent, K., & Catalano, T. (2015). Critical Cultural Awareness in the Foreign Language Classroom. *NECTFL Review*, 75, 15-30.
- 16 Sárdi, C. (2002). On the relationship between culture and ELT. *Kalbұ Studijos*, (3), 101-107.
- 17 Skopinskaja, L. (2009). Assessing intercultural communicative competence: test construction issues. *Synergies Pays Riverains de la Baltique*, 6, 135-144.
- 18 Smakova, K., & Paulsrud, B. (2020). Intercultural communicative competence in English language teaching in Kazakhstan. *Issues in Educational Research*, 30(2), 691-708.
- 19 Taga, H. A. (1999). *Sociology: An Introduction*. Lahore: Ismail Brothers Publishers.

*Зейнап Сүлейманова<sup>1</sup>, Виктория Константинова<sup>2</sup>, Idriss Garba Musa<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>English CIS Organization, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Fatih Sultan Mehmet Vakif University, Түркия

<sup>3</sup>SDU University, Қаскелең, Қазақстан

\*e-mail: [zenasuleimanova@gmail.com](mailto:zenasuleimanova@gmail.com)

**ТІЛДІ ОҚУДА КҮЛТІГІНІҢ РӨЛІ:  
АУДАНДЫҚ КОМПЕТЕНЦИЯНЫ ҚАЛЫПТАУ ҮШІН ЭФФЕКТИВТІ  
ЖАҚЫНДЫҚТАР**

**Аңдатпа.** Бұл мақала тіл оқытуда мәдениеттің маңызды рөлін зерттейді және сыныпта мәдениаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған тиімді әдістерді қарастырады.

Глобализация адамдарды жақындатып, әртүрлі мәдени ортадан шыққан адамдар бір сыныпта оқыған кезде мәдени әртүрлілікті басқару және бағалау қабілеті тіл білімінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл зерттеу мәдениаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға арналған түрлі оқыту әдістері мен стратегияларын қарастырады, мысалы, екі немесе одан да көп мәдениеттерді салыстыру, мәдени тұрғыдан шынайы материалдарды енгізу және мәдени сезімталдық пен сананы арттыруға бағытталған рефлексивті әрекеттер. Бұл диссертация мәдениеттің тіл оқытуға мәдени білімді енгізудің пайдасы тұрғысынан маңыздылығын көрсетіп, мәдениаралық құзыреттілікті студенттерде дамыту үшін тіл оқытушылары қолданған практикалық тәсілдерді сипаттайды.

Бұл зерттеу тіл сабақтарына мәдени элементтерді енгізудің түрлі жолдарын мұғалімдердің тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі негізінде зерттеуді мақсат етеді. Сонымен қатар, зерттеу тіл үйрену контекстінде мәдениаралық коммуникативтік құзыреттіліктің маңыздылығы мен әсерін студенттердің мәдениаралық құзыреттілік деңгейін бағалау арқылы қарастырады. Зерттеуде осы мақсатқа жету үшін сандық зерттеу әдісі қолданылған. Зерттеу онлайн сауалнама арқылы жүргізілді, сауалнама екі респонденттер тобына бағытталды: мұғалімдер мен студенттер.

Сауалнама мұғалімдердің тіл оқытуда мәдени элементтерді енгізу тәжірибесі мен студенттердің өз мәдениаралық коммуникативтік құзыреттілік деңгейлерін өзін-өзі бағалау нәтижелерін жинақтауға арналған. Бұл зерттеуде сандық әдіс таңдалды, өйткені ол мәдениет, тиімді тәсілдер және студенттердің әртүрлі мәдениеттерге қатысты құзыреттілік деңгейі туралы кең ауқымды қатысушылардан статистикалық талдау мен сандық мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** МКК, тілдік білім, мәдени хабардарлық, тиімді тәсілдер, мәдениетаралық коммуникация, мәдениет, мұғалімдердің қарым- қатынасы.

*Зейнап Сүлейманова<sup>1</sup>, Виктория Константинова<sup>2</sup>, Idriss Garba Musa<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>English CIS Organization, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Fatih Sultan Mehmet Vakif University, Турция

<sup>3</sup>SDU University, Каскелен, Қазақстан

\*e-mail: [zenasuleimanova@gmail.com](mailto:zenasuleimanova@gmail.com)

## **РОЛЬ КУЛЬТУРЫ В ИЗУЧЕНИИ ЯЗЫКА: ЭФФЕКТИВНЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В КЛАССЕ**

**Аннотация.** Эта работа исследует ключевую роль культуры в преподавании языка и рассматривает эффективные подходы к развитию межкультурной коммуникативной компетенции в классе. В условиях глобализации, когда люди из разных культурных традиций учатся вместе в одном классе, способность управлять и ценить культурное разнообразие стала важной составляющей языкового образования. Исследование рассматривает различные методы и стратегии преподавания, направленные на развитие межкультурной коммуникативной компетенции, такие как сравнение двух или более культур, использование культурно аутентичных материалов и рефлексивные задания, способствующие повышению культурной осведомленности и чувствительности. Через всесторонний и тщательный анализ систематического обзора литературы, диссертация подчеркивает значимость культуры в контексте интеграции культурного образования в языковое обучение и демонстрирует практические подходы, которые были использованы преподавателями для развития межкультурной компетенции у учащихся.

Целью этого исследования является изучение различных способов внедрения культурных

элементов в языковые классы, основанных на опыте и квалификации преподавателей. Более того, исследование рассматривает важность и влияние межкультурной коммуникативной компетенции в контексте изучения языка, оценивая уровень межкультурной компетенции студентов. Для достижения этой цели в исследовании был использован количественный подход. Исследование проводилось с помощью онлайн-опроса, ориентированного на две группы респондентов: преподавателей и студентов. Опрос был направлен на сбор данных об опыте преподавателей по внедрению культурных элементов в преподавание языка и самооценке студентов относительно их уровня межкультурной коммуникативной компетенции. Для этого исследования был выбран количественный метод, чтобы получить статистический анализ и числовые данные от широкой аудитории участников относительно роли культуры, эффективных подходов и уровня компетенции студентов в вопросах культурного разнообразия.

**Ключевые слова:** МКК, языковое образование, культурное сознание, эффективные методы, межкультурная коммуникация, культура, отношение учителей.

*Received 17 February 2024*

FTAMP: 14.35/03.41.01

DOI: <https://doi.org/10.47344/zvaasb68>

Елдос Қариев<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: [eldos.05.82@gmail.com](mailto:eldos.05.82@gmail.com)

## ТАРИХ МАМАНДЫҚТАРЫНА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕНІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

**Андатпа.** Адамзат тарихының басым бөлігі ғылымда «тарихқа дейінгі» деп аталынып жүрген ауқымды кезеңге тиесілі екені және көп жағдайда археология ғылымының еншісінде екені бәріне белгілі. Осы тұрғыда жоғарғы оқу орындарында болашақ тарихшы жас ғалымдарды және педагогтарды дайындауда археология пәнінің, әсіресе, далалық археологиялық іс-тәжірибенің маңызы сөзсіз және айтылғанның негізгі жәйттары назардағы мақалада ашылуды. Сонымен қатар, ғылыми жұмыста сол археологиялық іс-тәжірибені өткізу әдістемесі тыңғылықты және жан-жақы қарастырылуда.

**Кілт сөздер:** археология, іс-тәжірибе, тарих мамандығы, ғылыми-педагогикалық маңызы, өткізу әдістемесі.

### Кіріспе

Археология тарих ғылымының толыққанды және ерекше салмақты саласы ретінде ұзақ және қиындыққа толы жол кешкені мәлім [1; 2], жоғарғы оқу орындарындағы ежелгі тарихты оқытудағы және зерттеудегі академиялық білім бірлігі ретінде де бұл ғылымның өзіндік жолы бар, бұл, әрине, бірінші кезекте кеңестік ғылым мен білімнің дамуымен тығыз байланысты болды [3-9].

Қазіргі таңда «Археология» ҚР Білім беру стандартына сай «Тарих» мамандығы үшін міндетті пән болып келеді және бір семестр бойы оқытылатын теориялық курстан кейін далалық археологиялық іс- тәжірибе өткізіледі. Айта кететіні – бұл тұрғыда далалық іс-тәжірибенің маңызы өте зор, себебі, аудиторияда алынған білім тікелей зерттеулер барысында бекітіліп, болашақ маман көне тарихты оқып қана қоймай, оны өзі зерттеп көріп, сол ежелгі тарихты зерттеу қандай еңбекті талап ететініне, оқулықтағы бір парақтың артында қаншама жылдық ауыр зерттеулер жатқанына көз жеткізеді. Сондай-ақ, болашақ жас ғалым мен педагогтың келешек кәсіби өмірінде далалық іс-тәжірибе барысында алған білімінің орны ерекше, әсіресе, өңірлік ғылыми мекемелерде және оқу орындарында қызмет атқаратын мамандар үшін. Нақты атап өтсе – түлектер іс-тәжірибе барысында алған білімдерін тарихи-мәдени, бірінші кезекте археологиялық, нысандарды айқындау және есепке алу дағдыларын игереді, яғни, ескерткіштерді қорғау және насихаттау салаларында жұмыс істеуге толық мүмкіндікке ие болады, жәдігерлерді сипаттау, фотографияға түсіру, суретін салу, консервациялау және т.б. дағдылары жергілікті тарихи-өлкетанушылық мұражайларда жұмыс істеуге жол ашады. Сонымен қатар, жас мамандар оқу орындарында археологиялық және өлкетанушылық үйірмелер ұйымдастыруға, көне тарих бойынша мектепте білім бұрышын немесе мұражай ашуға білімдері жеткілікті болады.

Жалпы, ежелгі тарих бойынша бакалавриат білім шегі аясында мықты практик-маман болатынына кепіл берген орынды.

Сөзсіз, археологиялық іс-тәжірибенің болашақ кәсіби мамандарды дайындауда маңызы зор, бірақ айтқанның бәрі жүзеге асу үшін сол далалық археологиялық іс-тәжірибені дұрыс әдістемемен өткізу қажеттілігі түсінікті.

### Әдістер мен материалдар

Далалық іс-тәжірибені жүргізу археологиядағы ғылыми ізденістердің негізгі кезеңдерімен тығыз байланыста болу керектігі анық. Қазіргі таңда, археологиялық ғылыми

зерттеулер үш тұғырлы кезеңнен тұрады [10]

- 1) Далалық зерттеулер;
- 2) Камералды-зертханалық;
- 3) Кабинеттік [10-12].

Аталғанның әр қайсысы өз кезегінде бірнеше бөлімдерге бөлінеді [12: 48, 49].

Археологиялық іс-тәжірибе барысында негізгі назар бірінші кезеңге бөлінетіні хақ, дегенмен, қалған екеуіде міндетті түрде қарастырылады және орын алады – табылған жәдігерлерді өңдеу, іс- тәжірибе барысы мен нәтижесі бойынша Күнделік пен Есеп дайындау сияқты жұмыстар шегінде.

Осы зерттеулердің бірінші кезеңі, жалпы ғылыми зерттеулер тұрғысынан келетін болсақ, екі маңызды бөлімнен тұрады – ол операциялық сипаттағы әдістер және іс-қимылдық мінездегі әдістер [12: 49], яғни, ақпарат жинау және тікелей далалық зерттеулер. Ал кеңірек айтсақ, операция-әдістер – бұл әр-түрлі ақпарат көздерінен, мысалға, ғылыми-зерттеу институттардың, университеттердің мұрағат және кітапханалық қорларынан, интернет желісінен (соның ішінде аталмыш мекемелердің сайттары, арнайы археологиялық ресурстар және т.б.) нысаналы өңірдің археологиялық ескерткіштері бойынша мәлімет жинау. Ақпарат жинақтауда, қазіргі замандағы технологиялық дамудың деңгейіне сай, елеулі орын алатын әдіс – арнайы бағдарламалар, мысалға «Google Earth», «Google Maps», «SAS Planet» сияқтылар арқылы жер-серіктік карталарды мұқият зерттеп, қажетті аумақтағы ескерткіштерді айқындап, GPS координаттарын алуға болады. Сондай-ақ, әскери және басқада карталарға рұқсат беретін (мысалы, «Топокарты России», «Карты генштаба СССР» және т.б.) ресурстар арқылы өңірдің өзен-сулары, жер бедері және ең бастысы топонимикасы туралы мәлімет жинаған жөн – көп жағдайда қазақи атауларда «Бесоба», «Төртоба», «Қырық оба», «Қалмақтың обасы» деген жиі кездеседі, бұл 99% сол жерде археологиялық нысандар, нақты айтса обалар бар екеніне сілтейді. Келесі ақпарат жинау әдісі – ол информаторлармен сұқбаттасу, интервью – бұл сол өңірде зерттеулер жүргізген ғалымдарды және т.б. сұрастыру. Бұл жерде айта кететіні – операциялық әдістер ізденістердің екінші кезеңіне өткенде де қолданылады, яғни, зерттеу жұмыстары жүргізілетін аумақтағы мұрағат/кітапханалардан мәлімет іздеу, жергілікті информаторлармен интервью – тарих мұғалімдері, өлкетанушылар, малшылар және далалық қызметтердің өкілдері (орманшы, аңшылық инспекторлары) және т.б.

Іс-қимылдық сипаттағы әдістер екі негізгі бөлімнен тұрады – археологиялық барлау және археологиялық қазба жұмыстары [12: 51-53]. Мұны және жоғарда айтылғанның бәрін оқу үрдісімен ұштастырсақ. Археология пәнінің теориялық курсы кезінде соңғы екі сабақ осы далалық археологиялық зерттеулерге арналу керек. Олардың барысында далалық археологиялық зерттеулер жан-жақты қарастырылып, біріншіден аталған операциялық әдістер бойынша қалай жұмыс істеу керек екендігі түсіндіріліп, іс-тәжірибе басталғанға дейін көрсетілген әдістермен ақпарат жинауға тапсырма беріледі. Мұнда студенттік оқу үрдісін, сессия жағдайын ескере отырып мәліметтерді топтастыруды негізінен сандық түрде жинауға бағыттаған жөн (мұрағаттар, кітапханалар сайттары, аталмыш жер-серіктік бағдарламалар және т.б.), ал информаторлармен жұмысты, арнайы сұрақ/тәсілдерді қолданумен іс-тәжірибеде болған үлкен курс студенттерімен немесе онлайн видеочаттар арқылы келісімін берген ғалымдармен жүргіздіруге болады.

Теориялық курс аяқталайын дегенде және біткен соң далалық археологиялық іс-тәжірибеге дайындық жұмыстарын бастау керек – барлық потенциалды іс-тәжірибеші студенттерден денсаулығының жарамдылығын растайтын медициналық анықтама алыну міндетті, себебі, егерде далалық жұмыстар кезінде әр-түрлі дерт-науқастар сес берсе, оның үстіне археологиялық зерттеулер елді мекендерден алыстау жерде жүргізілсе бұл өте қиын жағдайға соқтыруы мүмкін. Мұнда тағы бір ескертетін жәйт, жеке тәжірибеден алынған – кейбір студенттер қатарынан қалғысы келмей, өз сырқаттарын жеңіл санап жалған анықтама әкелуі мүмкін, сондықтан қатаң түрде далалық ахуалды түсіндіру керек және қосымша ата-аналарынан «баламның денсаулығы дұрыс және далалық жағдайда болуға медициналық тиым жоқ» сынды қол-хат алған артық болмайды.

## Нәтижелер және оларды талдау

Іс-тәжірибеге дейінгі келесі маңызды іс-шара – бағыт-бағдар конференциясы, Мұнда студенттерге ең бастысы далалық археологиялық жұмыстар барысындағы Қауіпсіздік техникасы, археологиялық тұрақ ішкі тәртібі мұқият түсіндіріліп, әр қайсысы танысу парағына қол қояды. Сонымен бірге далалық жағдайда не керек екендігі (жұмыс/жылы киім, жеке гигиена заттары және т.б.) айтылып, тізім үлестірілгені дұрыс.

Жетекші өз тарапынан далалық іс-тәжірибеге барғанда студенттердің жағдайы қалай болатынын жан-жақты ойластыруы, ұйымдастыруы міндет, егерде жетекші кәсіби археолог, қазба басшысы болмаса – далалық археологиялық ғылыми жұмыстар жетекшісімен, ғылыми қызметкерлермен тыңғылықты консультация жасағаны жөн – іс- тәжірибе білім беру реті, далалық дәрістер, климаттық жағдай, баспана, азық-түлік, жұмыс тәртібі, демалыс уақыттары, белсенді босуақ және т.б.

Бағыт-бағдар конференциясында сонымен қатар жоғарыда аталған операциялық сипаттағы тапсырманың орындалуы тексеріліп тікелей далалық іс-тәжірибедегі жұмыс жоспары баяндалады.

Ұйымдастыру шаралары біткен соң археологиялық ізденістер жеріне барып, орналасып, іс-тәжірибе жоспарына сай жұмыстар басталады. Ең алдымен далалық жағдайдағы операция әдістерді жүргіздіріледі – жетекші жергілікті дереккөзі ретінде жақын мұражайды не басқада ғылым/білім мекемесін таңдап, студенттерді сонда апарды (бұл енді нақты жағдайға байланысты), жергілікті информаторды да тауып қойған дұрыс.

Келесі маңызды шара – археологиялық барлау жұмыстарын көрсету, бұл іс-қимыл әдісі аталған операциялық әдіспен бірге болашақ тарихшы үшін маңызды, себебі, қалың халық, соның ішінде мектеп оқушылары ортасында ең кең тараған сұраққа – «археологтар қай жерді қазу керектігін қайдан біледі?» дегенге жауап береді.

Сонымен, барлау жұмыстарының алдында операциялық әдіспен жиналған ақпарат сарапталып, потенциалды тарихи-мәдени нысандар картаға белгіленеді, содан барлау маршруты құрастырылады, студенттерге осы өңірдің және мұнда болуы мүмкін жалпы археологиялық ескерткіштердің сыртқы белгілері көрсетіліп, табылған ескерткіштерді тіркеу реті түсіндіріліп (әр студент бір дәптерге далалық күнделік арнауы тиіс), аумақты тікелей зерттеу бастау алады:

Алдымен аумақты ҰҰҚ (ұшқышсыз ұшу құрылғысы) арқылы ұшып айналып өту ретін, яғни, археологиялық ескерткіштердің болуы ықтимал жерлерді (жиналған ақпарат негізінде, сондай-ақ, өзен террасалары, дөң етектері және үсті, шатқалдар және т.б.) биіктен қарауды көрсету, үйрету. Сосын аумақты тікелей шарлап іздестіру жұмыстарын жүргізу – топ, арасы 2 метр қатарға тұрғызылып белгіленген аумақ сүзіледі. Осының барысында табылған ескерткіштер археологиялық барлау ережелеріне сай тіркеледі - орналасуына географиялық және GPS байлама беру, сыртқы белгілерін күнделікте сипаттау, фото/видео түсірілім - масштабты сырықпен және жәй, қорымның не қоныстың ахуалдық (еркін не ситуациялық) жоспарын жасау ретін көрсетіп, істету. Барлау жұмыстары барысында студенттерді тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және насихаттау саласындағы ҚР және дүние жүзі (ЮНЕСКО және т.б.) Заңнамасымен, қорғау аймақтарымен, ескерткіштерді бүлдіру немесе заңсыз қазба жұмыстарын жүргізу үшін ҚР қылмыстық және әкімшіліктік кодекстері бойынша жауапкершілік туралы ақпаратпен таныстыру қажет.

Студенттерге барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша табылған барлық нысандарға есеп карточкасын және төлқұжаттарын жасауды үйреткен дұрыс.

Жүзеге асырылған барлау жұмыстары бойынша студенттермен бірге қазба нысандарын таңдау, бірінші кезекте бұл апаттық жағдайдағылар – жер үсті құрылыстары антропогендік не техногендік салдардан бүлінген, сондай-ақ ғылыми тұрғыдан ерекше болып келетін археологиялық ескерткіштер. Айтылған барлық аргументтерді студенттерге жеткізу.

Ендігі кезең ол қазба жұмыстарын бастау, таңдалған нысандарға қазбаға дейінгі құжаттау жұмыстарының ретін көрсету және жасату - ҰҰҚ арқылы және фотоаппаратпен, жәй және масштабпен суретке түсіру, ортофотопланға тарту, тахеометрмен өлшемдерін алу, күнделікте



нысан жерүсті құрылыстарының жағдайын (шөп қабаты, тонау/бүліну іздері, диаметрі/биіктігі және т.б.) толық сипаттау. Ортофотоплан негізінде немесе тахеометрмен атып, сондай-ақ жәй ғана өлшем рулеткасының көмегімен нысандарда шаршы-қазба (қоныс болса) және стратиграфиялық жалдарды жіппен белгілеуді үйрету.

Тікелей қазбаны бастамас бұрын тағыда бір рет қауіпсіздік техникасын айтып өтіп, топырақпен жұмыс істегенде ерекше абай болып, белгілі бір құрылымдар болуы ықтималдығын, тастарды және т.б. қозғамауды, ашылған топырақ арасында түрлі жәдігерлер (бұйымдар, қыш ыдыс сынықтары және т.б.) болу мүмкіндігін ескерту керек. Студенттердің қасында археолог ғылыми қызметкерлер үнемі жүру қажет.

Сөйтіп, белгіленген аумақ бойынша қазба жұмыстары басталады. Қазба барысында зерттеудің әр кезеңі бойынша студенттерге түсіндіру дәрістерін оқыған және олардың әр кезеңді құжаттау жұмыстарына қатысқаны жөн. Бұл үшін жұмыс уақытында 5-10 минутты "ғылыми үзіліске" бөлу керек.

Көп ұзамай, бірінші жәдігерлер шыққаннан кейін қазба жұмыстарынан тыс уақытта студенттерді камералды-зертханалық жұмыстарға баулу басталады - қыш ыдыстарды, оның сынықтарын жуу және қайта құрастыру, металл және басқада материалдан орындалған бұйымдарды алдын ала консервациялау мен бастапқы реставрация, зерханалық сараптамаларға (C14 радиокөміртектік, дендрохронологиялық және т.б.) үлгілерді алу тәртібі, жәдігерлерді шифрлау, сипаттап, кестеге еңгізу және т.б. Осы барлық жұмыстардың тарихи үрдістерді неғұрлым шынайы қалпына келтірудегі қомақты маңызын студенттерге айту парыз.

Барлау, қазба және камералды-зертханалық жұмыстар барысында студенттердің өз күнделіктерін жүргізіп отырғанын бақылау қажет. Аталған "ғылыми үзілістер" кезінде зерттеулердің әр кезеңі пікір алмасу түрінде сарапталып, қорытындылары күнделіктеріне түсу керек.

Далалық зерттеулер өз мәресіне жетейін дегенде студенттер іс- тәжірибе Есебін бастаған дұрыс. Қажетті нұсқаулықтар беріліп, үлгілер көрсетіліп, іс-тәжірибе бойы күнделікке түскен мәлімет, сонымен қатар, жинаған фотосуреттер және т.б. еңгізілуі керектігін ескерту. Ең бастысы – жиналған далалық материалдар негізінде «тарихилық принциптегі» қорытындылар жасауға бағыттау, мысалға, табылған жәдігерлер зерттелудегі дәуірдегі және географиялық шектерде әлеуметтік стратификация, экономикалық, мәдени ахуал және т.б. хақында қандай жаңа мәлімет береді немесе ғылымдағы қай тұжырымдарға дәлел бола алады дегендей. Әдетте Есеп күзге дейін әзірленеді (оқу бағдарламасы іс- тәжірибе біткен бетте тапсыруды талап етсе, онда техникалық есеп және де-юре мәрелік конференция өткізіледі) және жаңа семестр басында де- факто қорытындылау конференциясы ұйымдастырылып, сол жерде жан- жақты талқыланып қорғалады.

Тағыда айта кететін маңызды жәйт - студенттердің жас ерекшеліктерін ескерген дұрыс және іс-тәжірибені қиында қисынды үзіліссіз зерттеулерге айналдырмаған жөн. Арасында демалыс беріп, тур/пикник ұйымдастырып, белсенді босуаққа жағдай жасау керек - футбол, волейбол, баскетбол алаңдарын жасап, үстел ойындары, қазақтың дәстүрлі ойындары және т.б. болғаны дұрыс. Міндетті түрде «археологтар қатарына қабылдау» рәсімін өткізу - спорттық жарыс және шоу түрінде.

Сондай-ақ, жетекші археологиялық мекеннің психологиялық ахуалын бақылауда ұстау керек - мүмкінді конфликттерді болдырмау (әсіресе, бірнеше университет студенттері болса), үлкен және кіші курстар арасында немесе бір курс ортасында буллинг және т.б. қатаң түрде тию, гендерлік қатынастарды әдеп аясында ұстау және т.б. Археологиялық мекен тәртібіне сай субординацияны қатаң ұстануды талап ету - экспедиция жетекшісі, іс-тәжірибе жетекшісі, қазба және мекен басшылары, ғылыми қызметкерлер, кіші ғылыми қызметкерлер (іс-тәжірибеден өткен жоғарғы курс студенттері – «Атабектер» және

«Ханумдар»), лаборанттар (1-курс іс-тәжірибешілері). Бұл субординация тек қана қызметтік сипатта және жоғарыда айтқандай кемсіту немесе ар- намысты таптау дегендер қандайда болсын жағдайда орын алмау керек!

Іс-тәжірибеде қатаң түрде алкогольге және т.б. тиым салыну керек және мұны бұзушылар

бірден экспедиция қатарынан шығарылып, ректордың атына оқудан шығару жөнінде рапорт берілуі тиіс.

Жалпы, археологиялық мекен үлкен бір үлгі тұтар, тәртіпті, көңілді және іскер жанұя секілді болғаны жөн.

Лаборанттар аталған рәсімнен өткеннен кейін «Археолог» атағын иеленіп, кіші ғылыми қызметкерлер (бұл әрине экспедиция ортасында және академиялық мекемелерге сай тәртіптен тыс) және «Атабектер» мен «Ханумдар» қатарына өтеді. Бұл жерде өзін жақсы көрсеткен студенттерді ерекше атап Құрмет грамоталарын және ата-аналарына Алғыс хаттарды табыстаған жөн, ал барлық қатысушыларға Сертификат пен Алғыс хат, естелік кәде сый берсе өте орынды болады.

Жалпылап айтқанда, археологиялық іс-тәжірибе 1-ші курс студенттері үшін академиялық ғылымдыда қамтитын, қиын болған бірінші оқу жылының ауыртпалығын ұмыттыратын таза ауадағы белсенді, интерактивті керемет іс-шара болу керек десе қателеспейміз.

### **Қорытынды**

Тәмамдай келе, тарихшы-студент "Археология" пәні бойынша теориялық және іс-тәжірибелік курсы толқ өткен соң келесі білім кешенін меңгеруі тиіс:

- тарихи дәуірлерді археологиялық материалдар негізінде ажырата білу;
- археологиялық материалдар негізінде ежелгі дәуірлерде орын алған оқиғаларды тарихи диахронияда баяндай алу;
- археологиялық ескерткіштерді айқындау дағдыларын меңгеру;
- ескерткіштерге қорғауға және насихаттауға қатысты ҚР және әлемдік Заңнаманы білу;
- ескерткіштерді зерттеу тәртібін меңгеру;
- ғылыми құжаттаманы жүргізу ретін игеру;
- жәдігерлерді сақтау және қалпына келтіру бойынша негізгі дағдыларды игеру;
- зерттеу барысында топтық жұмыс, коммуникация секілді маңызды қасиеттерді жетілдіру;
- археологиялық зерттеулер барысында алынған мәліметтерді тарихи сипаттағы ақпаратқа синтездей алуды меңгеру.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Акишев К.А. Археология в Казахстане за Советский период. // СА. 1967. №4. – С. 62-78.
- 2 Кариев Е.М. Памятники археологии как исторический источник: историографический обзор // Вестник ЕНУ имени Л. Н. Гумилева. Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2021. № 1 (134). – С. 63-76.
- 3 Авдусин Д.А. Археология в Московском университете (1922 - 1965 гг.) // Очерки по истории советской науки и культуры. М., 1968. – С. 183-198.
- 4 Мартынов А. И. Археология в современном высшем историческом образовании // Археология, этнография и музейное дело Известия лаборатории археологических исследований. Археология Южной Сибири. - Вып. 19. - Кемерово, 1999. – С. 7-13.
- 5 Пряхин А.Д. История советской археологии (1917 - середина 30- х гг.). Воронеж, 1968. С. 69 – 73
- 6 Пряхин А.Д. Педагогическая деятельность В.А. Городцова и подготовка кадров археологов // Проблемы изучения древних культур Евразии. М., 1991. – С. 207-223.
- 7 Тихонов И.Л. Организация и развитие археологического отделения ЛГУ (1917 - 1936 гг.) // Вестник ЛГУ. 1988. Сер. 2. Вып. 3. – С. 9-12.
- 8 Тихонов И.Л. Развитие археологии в С.-Петербургском - Ленинградском университете (1724 - 1936 гг.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. СПб., 1993
- 9 Шер Я.А. Некоторые вопросы археологического образования // Археология, этнография и музейное дело. Известия лаборатории археологических исследований.

Археология Южной Сибири. - Вып. 19 - Кемерово, 1999. – С. 13-20.

10 Мартынов А.И., Шер Я.А. Методы археологического исследования / под ред. О.К. Смирновой. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Высшая школа, 2002. – 240 с.

11 Елеуов М. Археологиялық зерттеулердің әдістері / М.М. Бахтыбаев редакциясымен. – Түркістан: Тұран, 2006. – 151 б.

12 Кариев Е.М. Основные этапы научного поиска в археологии (в свете некоторых аспектов общенаучной методологии и исторического источниковедения) // Материалы международной научно-практической конференции «XIII Оразбаевские чтения» по теме «Историко-культурное наследие древних и традиционных обществ Центральной Азии: новые открытия и междисциплинарные исследования». Алматы, 2021. – С. 63-76.

## References

1 Akişev K.A. Arheologia v Kazahstane za Sovetski period. // SA. 1967. №4. – S. 62-78.

2 Kariiev E.M. Pamätniki arheologii kak istoricheski istochnik: istoriograficheski obzor // Vestnik ENU imeni L. N. Gumileva. Seria İstoricheskie nauki. Filosofia. Religiovedenie. 2021. № 1 (134). – S. 63-76.

3 Avdusin D.A. Arheologia v Moskovskom universitete (1922 - 1965 gg.) // Oчерki po istorii sovetskoi nauki i kültury. M., 1968. – S. 183-198.

4 Martynov A. İ. Arheologia v sovremennom vysšem istoricheskom obrazovanii // Arheologia, etnografia i muzeinoe delo İzvestia laboratorii arheologicheskikh issledovani. Arheologia İujnoi Sibiri. - Vyp. 19. - Kemerovo, 1999. – S. 7-13.

5 Prähin A.D. İstoria sovetskoi arheologii (1917 - seredina 30-h gg.). Voronej, 1968. S. 69 – 73

6 Prähin A.D. Pedagogicheskaja deiatelnöst V.A. Gorodsova i podgotovka kadrov arheologov // Problemy izuchenia drevnih kültur Evrazii. M., 1991. – S. 207-223.

7 Tihonov İ.L. Organizacija i razvitie arheologicheskogo otdelenia LGU (1917 - 1936 gg.) // Vestnik LGU. 1988. Ser. 2. Vyp. 3. – S. 9-12.

8 Tihonov İ.L. Razvitie arheologii v S.-Peterburgskom - Leningradskom universitete (1724 - 1936 gg.): Avtoref. dis. kand. ist. nauk. SPb., 1993

9 Şer İa.A. Nekotorye voprosy arheologicheskogo obrazovanja // Arheologia, etnografia i muzeinoe delo. İzvestia laboratorii arheologicheskikh issledovani. Arheologia İujnoi Sibiri. - Vyp. 19 - Kemerovo, 1999. – S. 13-20.

10 Martynov A.İ., Şer İa.A. Metody arheologicheskogo issledovania / pod red. O.K. Smirnovoi. – İzd. 2-e, ispr. i dop. – M.: Vyşşaja şkola, 2002. – 240 s.

11 Eleuov M. Arheologialyq zertteulerdiñ ädisteri / M.M. Bahtybaev redaksiasymen. – Türkıstan: Tūran, 2006. – 151 b.

12 Kariiev E.M. Osnovnye etapy nauchnogo poiska v arheologii (v svete nekotoryh aspektov obşenauchnoi metodologii i istoricheskogo istochnikovedenia) // Materialy mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii «XIII Orazbaevskie chtenia» po teme «İstoriko-külturnoe nasledie drevnih i tradisionnyh obşestv Senträlnoi Azii: novye otkrytia i mejdisiplinarnye issledovania». Almaty, 2021. – S. 63-76.

*Елдос Кариев<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: [yeldos.kariyev@sdu.edu.kz](mailto:yeldos.kariyev@sdu.edu.kz)

## ПОРЯДОК И МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ СТУДЕНТОВ ИСТОРИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

**Аннотация.** Общеизвестно, что подавляющий отрезок истории человечества относится к так называемому «доисторическому» периоду и по большей части находится в орбите интересов и компетенции археологии. В данном контексте трудно переоценить значимость

этой дисциплины, в особенности полевой археологической практики, в подготовке профессиональных историков - ученых и педагогов. В представленной вниманию статье рассматриваются основные аспекты вышесказанного, а также приводится подробная и разносторонняя информация касательно порядка и методики проведения.

**Ключевые слова:** археология, полевая практика, исторические специальности, научно-педагогическое значение, порядок и методика проведения.

*Yeldos Kariyev<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: [yeldos.kariyev@sdu.edu.kz](mailto:yeldos.kariyev@sdu.edu.kz)

## **THE PROCEDURE AND METHODOLOGY FOR CONDUCTING ARCHAEOLOGICAL PRACTICE OF STUDENTS OF HISTORICAL SPECIALTIES**

**Annotation.** It is well known that the vast majority of the history of mankind belongs to the so-called "prehistoric" period and for the most part is in the orbit of the interests and competence of archaeology. In this context, it is difficult to overestimate the importance of this discipline, especially field archaeological practice, in the training of professional historians, scientists and teachers. The article presents the main aspects of the above, as well as provides detailed and comprehensive information on the procedure and methodology of the event.

**Key words:** archaeology, field practice, historical specialties, scientific and pedagogical significance, procedure and methodology of conducting

*Келін түсті 1 Наурыз 2024*